

## 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 79 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 5 қаңтарда N 3-9-86 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 ақпандағы N 176 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2010.02.16 N 176 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95 Бюджеттік Кодексінің 9 бабына және облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы" N 125 шешіміне сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға арналған аудандық бюджет N 1 қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер	6 526 989,2 мың теңге;
	оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша	5 729 329 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша	22 234 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан	15 000 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша	760 426,2 мың теңге;
2) шығындар:	7 399 573,6 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру	0 мың теңге;
	оның ішінде:
бюджеттік кредиттер	0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу	0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалынатын операциялар бойынша сальдо	34 224 мың теңге;
	оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу	34 224 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы	-906 808,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру	906 808,4 мың теңге;

*Ескерту. 1 тармағына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.02.09 N 94 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.23 N 139 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.10.27 N 153 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.26 N 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.*

2. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

жеке табыс салығы;  
әлеуметтік салық;  
жеке және заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мүлкіне салық;  
жер салығы;  
бірыңғай жер салығы;  
көлік құралдарына салық;  
бензинге және дизель отынына акциздер;  
жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;  
дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым;  
республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсетін салық түсімдері болып табылады;  
ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;  
аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер;  
аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алу;  
аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне басқа да салықтық емес түсімдер аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне салықтық емес түсімдер болып табылады;  
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай

бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

4. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтардан :

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 13 470 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1 273 теңге ;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 13 470 теңге мөлшерінде белгіленгені ескеріліп, б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

2009 жылғы 1 шілдеден :

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 13 717 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 296 теңге ;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 13 717 теңге мөлшерінде белгіленсін.

*Ескерту. 4 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

5. 2009 жылдың төлемді салықтарынан түсетін жалпы соманы бөлу аудан бюджетінен мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша 54 пайыз;

2) әлеуметтік салық бойынша 54 пайыз;

6. 2009 жылға Мұғалжар ауданының бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алулар көлемі 3 204 274 мың теңге болып белгіленсін.

*Ескерту. 6 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

7. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферт республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен түскені ескерілсін:

ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі баларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге – 11 800 мың теңге, оның ішінде:

аз қамтылған отбасыларының 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге 9 300 мың теңге; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге сомасы 2 500 мың теңге. Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 7 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

7-1. 2009 жылға арналған республикалық бюджеттен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға сомасы 136 068 мың теңге нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде: тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге – 112704 мың теңге; әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге – 23 364 мың теңге; Аталған соманы бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 7-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

8. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферт республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 48 830 мың теңге сомасында, оның ішінде: негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 12 150 мың теңге;

бастауыш, негізгі және орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға - 10 527,9 мың теңге; мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивті оқыту жүйесіне енгізуге - 25 428 мың теңге;

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 8 тармағына өзгерту - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.02.09 N 94 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.23 N 139 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.26 N 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.*

9. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферті республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға 262 597 мың теңге сомасында, оның ішінде:

қалалық, ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 262 597 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 9 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

10. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферті республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 250 594 мың теңге сомасында, оның ішінде:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға 23 737 мың теңге сомасында.

*Алынып тасталды - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.02.09 N 94 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға – 196 857 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

10-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға сомасы 2 400 мың теңге қаражат қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге – 2 400 мың теңге;

Аталған соманы бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 10-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

11. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферт республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен түскені ескерілсін: ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 4 185,3 мың теңге сомасында. Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 11 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.26 N 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.*

11-1. 2009 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен нысаналы трансферт есебінен түскені ескерілсін, оның ішінде: аудан мектептері үшін автобустар сатып алуға - 27437 мың теңге; ауданның жалпы білім беретін мектептерінің 1-4 сынып оқушылары үшін ыстық тамақты ұйымдастыруға – 37 139,0 мың теңге; ауданның қоғамдық ашық пунктеріне техникалық қызмет көрсетуге- 100,0 мың теңге жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмекке - 10 000 мың теңге. Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 11-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.07.23 N 139, 2009.11.27 N 153(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

12. Алынып тасталды - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.07.23 N 139 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлуімен, 2009 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. 2009 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламаларының тізбесі N 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

15. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық (селолық) округ әкімі аппараттарының бюджеттік бағдарламалары N 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

16. Осы шешім 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
кезекті он екінші

Аудандық мәслихаттың  
хатшысының м.а.

сессиясының төрағасы

А.М.Беркімбаев

П.П.Хохлов

Аудандық

мәслихаттың

2008

жылғы

19

желтоқсандағы

N 79 шешіміне N 1 ҚОСЫМША

*Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

**2009 жылға арналған аудандық бюджет**

Сан аты	Сын ыбы	Ішкі сын ыбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
			<b>1. КІРІСТЕР</b>	<b>6526989</b>
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	<b>5733459</b>
	01		<b>Табыс салығы</b>	<b>479198</b>
		2	Жеке табыс салығы	479198
	03		<b>Әлеуметтік салық</b>	<b>486000</b>
		1	Әлеуметтік салық	486000
	04		<b>Меншікке салынатын салықтар</b>	<b>4554909</b>
		1	Мүлікке салынатын салықтар	4495237
		3	Жер салығы	17155
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	40414
		5	Бірыңғай жер салығы	2103
	05		<b>Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар</b>	<b>206983</b>
		2	Акциздер	146160
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	55323
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5500
	08		<b>Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер</b>	<b>6369</b>
		1	Мемлекеттік баж	6369
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	<b>21604</b>
	01		<b>Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер</b>	<b>6000</b>

		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6000
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	24
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	24
	04		<b>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</b>	<b>14500</b>
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	14500
	06		<b>Басқа да салықтық емес түсімдер</b>	<b>1080</b>
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1080
3			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>11500</b>
	03		<b>Жерді және материалдық емес активтерді сату</b>	<b>11500</b>
		1	Жерді сату	11500
4			<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>760426,2</b>
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	760426,2
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	760426,2
<b>Функционалды топ</b>	<b>кіші</b>	<b>Бюджет бағдарлам</b>	<b>атауы</b>	<b>сомасы (мың теңге)</b>
			<b>П. ШЫҒЫНДАР</b>	<b>7399573,6</b>
01			<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>197735,8</b>
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	167606,8
		112	<b>Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты</b>	<b>10626</b>
		001		10626



			Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	
		122	<b>Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты</b>	38033
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	37633
		108	Жергілікті бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	400
		123	<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	118947,8
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	115857,8
		115	Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	3090
	2		Қаржылық қызмет	19641
		452	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі</b>	19641
		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	15826
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	255
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	3560
	5		<b>Жоспарлау және статистикалық қызмет</b>	10488
		453	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі</b>	10488
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10488
02			<b>Қорғаныс</b>	13407
	1		<b>Әскери мұқтаждар</b>	2647
		122	<b>Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты</b>	2647
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2647
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	10760
		122	<b>Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты</b>	10760
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	10760
03			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	740
	1		Құқық қорғау қызметі	740
		458	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі</b>	740
		021		740

			Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	
04			<b>Білім беру</b>	2112861
	1		<b>Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту</b>	146261
		123	<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	4700
		004	<b>Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау</b>	4700
		464	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі</b>	141561
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	141561
	2		<b>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру</b>	1867483
		464	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі</b>	1867483
		003	Жалпы білім беру	1813834
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	28221
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	25428
	9		<b>Білім беру саласындағы өзге де қызметтер</b>	99117
		464	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі</b>	99117
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	15257
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	5000
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	3300
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	75560
06			<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	213125,2
	2		<b>Әлеуметтік көмек</b>	193687
		123	<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	1745
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1745
		451	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі</b>	191942
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	67828
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2770
		006	Тұрғын үй көмегі	3500
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	65212
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	12825

		016	18 жаска дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	35300
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	4507
9			<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер</b>	19438
	451		<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі</b>	19438
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	18883,2
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	555
07			<b>Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық</b>	1075574
	1		<b>Тұрғын үй шаруашылығы</b>	666776
	467		<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі</b>	242594
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	23737
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	218857
	458		<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі</b>	424182
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	260882
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	163300
	2		Коммуналдық шаруашылық	353957,8
	458		<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі</b>	353957,8
		011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	50000
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	136965
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	166742,8
		027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	250
	3		<b>Елді-мекендерді көркейту</b>	54840
	123		<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	54840
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	22414

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	15536
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	90
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16800
08			<b>Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік</b>	139243,7
	1		<b>Мәдениет саласындағы қызмет</b>	71585
		455	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі</b>	59817
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	59817
		123	<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	11768
		006	Жергілікті деңгейді мәдени демалыс жұмыстарын қолдау	11768
	2		<b>Спорт</b>	5300
		465	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі</b>	5300
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3550
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1750
	3		<b>Ақпараттық кеңістік</b>	39478
		455	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі</b>	35245
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	34245
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілді дамыту	1000
		456	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі</b>	4233
		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	4233
	9		<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер</b>	22880,7
		455	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі</b>	14244
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9244
		004	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	5000
		456	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі</b>	5354,7
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4899,7
		003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	455
		465		3282

			<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі</b>	
		001	Дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	3282
10			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	356700,4
	1		<b>Ауыл шаруашылығы</b>	28064,4
		453	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі</b>	4185,3
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	4185,3
		462	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық бөлімі</b>	10751
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10751
		467	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі</b>	13128,1
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	13128,1
	2		<b>Су шаруашылығы</b>	262597
		467	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі</b>	262597
		012	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	262597
	6		<b>Жер қатынастары</b>	6039
		463	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі</b>	6039
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6039
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	60000
		455	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі</b>	60000
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	60000
11			<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	42949,6
	2		<b>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	42949,6
		467	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі</b>	14490,6
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4233,2
		108	Жергілікті бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	10257,4
		468	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі</b>	28459

		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	3459
		003	Аудан аумағы қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	25000
12			<b>Көлік және коммуникация</b>	30210
	1		<b>Автомобиль көлігі</b>	30210
		123	<b>Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты</b>	17693
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	17693
		458	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі</b>	12517
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	12517
13			<b>Басқалар</b>	12309,6
	3		<b>Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау</b>	5206
		469	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі</b>	5206
		001	Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	2986
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	2220
	9		<b>Басқалар</b>	7103,6
		458	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі</b>	7002
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6602
		108	Жергілікті бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	400
		452	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі</b>	101,6
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	101,6
15			<b>Трансферттер</b>	3204718
	1		<b>Трансферттер</b>	3204718
		452	<b>Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі</b>	3204718
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	443,6
		007	Бюджеттік алулар	3204274
			<b>III. Таза бюджеттік кредит беру</b>	<b>0</b>

				Бюджеттік кредиттер	0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалды қ топ	кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	АТАУЫ	сомасы (мың) теңге
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	34224
				Қаржы активтерін сатып алу	34224
13				Басқалар	34224
	9			Басқалар	34224
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	34224
			014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	34224
				V. Тапшылық	-906808,4
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	906 808,4
Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы		АТАУЫ	сомасы (мың) теңге
8				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	906808,4
	1			Бюджет қаражаты қалдықтары	906808,4
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	906808,4

Аудандық

2008

жылғы

19

N

79

мәслихаттың

желтоқсандағы

шешіміне

2 ҚОСЫМША

*Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 113 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

**Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлуімен, 2009 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының ТІЗБЕСІ**

функционалды топ

кіші функция

			бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
			бағдарлама
			АТАУЫ
			<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ</b>
07			<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>
	1		Тұрғын үй шаруашылығы
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі
			003 Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу
			004 Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру және (немесе) сатып алуға кредит беру
10			<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі
			010 Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту
	2		Су шаруашылығы
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі
			012 Сумен жабдықтау жүйесін дамыту

А у д а н д ы қ

2 0 0 9

№

3 ҚОСЫМША

ж ы л ғ ы

7 9

1 9

м ә с л и х а т т ы ң

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

ш е ш і м і н е

**Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлуімен, 2009 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының ТІЗБЕСІ**

Функционалдық топ			
	кіші функция		
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
		бағдарлама	
		кіші бағдарлама	
		Атауы	
04		<b>Білім беру</b>	
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі



		003	Жалпы білім беру
--	--	-----	------------------

А у д а н д ы қ

2008

ж ы л ғ ы

19

№

79

м ә с л и х а т т ы ң

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

ш е ш і м і н е

4 ҚОСЫМША

*Ескерту. 4 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009.10.27 № 156 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

**Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының 2009 жылға бюджеттік бағдарламалары**

№	Қалалық, ауылдық округтер атауы	001 аудан ды з ы қ а л а, к е н т, (с е л о), а у ы л д ы қ (с е л о л ы қ) о к р у г ә к і м і а п п а р а т ы н ы ң қ ы з м е т і н қ а м т а м а с ы з е т у"	004 "Қалада аудан, ке д е й і а з а м а т т а р ғ а т ә р б и е т ә р б и е у й ы м д а р ы н қ о л д а у"	003 "Мұқтаж азамат тарға үйінде әлеумет тік көмек көрсету"	006 "Жергі лікті деңгей де мәдени дема лыс жұмыс тарын қолдау"	008 "Елді мекен дерде көше лерді жарық тандыру"
1	Қандыағаш қаласы әкімі аппараты	15287,0				14200
2	Ембі қаласы әкімі аппараты	11246,0				3300
3	Жем қаласы әкімі аппараты	19372,0				2000
4	Ащысай ауылдық округі	5051,1	600			0
5	Ақкемір ауылдық округі	5306,1	3500	188		
6	Батпақкөл ауылдық округі	6580,6				
7	Енбек ауылдық округі	5793,0				100
8	Егіндібұлақ ауылдық округі	6257,0	600	435		344
9	Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округі	5700,0				256
10	Жұрын ауылдық округі	5325,0		715		
11	Құмсай ауылдық округі	6 139,0		407,0		170,0
12		6 333,0			11 768,0	2 000,0

	Құмжарған ауылдық округі					
13	Қайыңды ауылдық округі	6 679,0				
14	Талдысай ауылдық округі	4 651,0				44,0
15	Мұғалжар селосы	6 138,0				
	<b>Жиыны:</b>	115 857,8	4 700,0	1 745,0	11 768,0	22 414,0

### кестенің жалғасы

№ р/н	Қалалық, ауылдық округтер атауы	0 0 9 "Елді мекендердің санитариясын қамтама сыз ету"	0 1 0 "Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу"	0 1 1 "Елді мекендерді абаттандыру көгалдандыру"	0 1 3 "Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтама сыз ету"	Барлығы (мың теңге)
1	Қандыағаш қаласы әкімі аппараты	6372	90	16000	17693	69642,0
2	Ембі қаласы әкімі аппараты	5475		500		20521,0
3	Жем қаласы әкімі аппараты	2000		300		23672,0
4	Ащысай ауылдық округі	131				5782,1
5	Ақкемір ауылдық округі	127				9121,1
6	Батпақкөл ауылдық округі	189				6769,6
7	Енбек ауылдық округі	189				6082,0
8	Егіндібұлақ ауылдық округі	353				7989,0
9	Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округі	227				6183,0
10	Жұрын ауылдық округі	127				6167,0
11	Құмсай ауылдық округі	44,0				6760,0

12	Құмжарған ауылдық округі	44,0				20145,0
13	Қайыңды ауылдық округі	-				6679,0
14	Талдысай ауылдық округі	122,0				4817,0
15	Мұғалжар селосы	136,0				6274,0
	<b>Жиыны:</b>	15 536,0	90,0	16 800,0	17 693,0	206 603,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК